



Қазақстан Республикасының Уақыт және эталондық жиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 7 тамыз N 1208. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 шілдедегі N 793. ~P020793 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Уақыт және эталондық жиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

2. "Уақыт және эталондық жиіліктер жөнінде ведомствоаралық комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 қантардағы N 131 P000131_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін.

1 - т а р м а қ т а :

ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі, төрағаның орынбасары;

Қанешев Біржан Бисекенұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және

коммуникациялар вице-министрі, төрағаның орынбасары;

Нәсиев Асқар Қайратұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры;

Баталов Әнуар Қасымұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы;

Молдабеков Мейіrbек - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Аэроғарыштық комитетінің төрағасы;

көрсетілген құрамнан Досаев Ерболат Асқарбекұлы шығарылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы "7" тамыздың

N 1208 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Уақыт және эталондық
жиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Уақыт және эталондық жиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) уақыт және жиіліктің өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.
2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасын, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
3. Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасында уақыт және жиіліктің өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлеу;
- 2) бірынғай уақытты және эталондық жиіліктерді есептеу құралдары мен техникалық жүйелерді жасау, пайдалану және жетілдіру мәселелеріндегі ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын айқындау жөніндегі ұсынымдарды өзірлеу;
- 3) 1992 жылдың 9 қазанында Бішкек қаласында қол қойылған, Уақыт және жиілікті өлшеудің бірынғайлышын қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің тиісті бағдарламаларын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 4) Комиссияның құзыретіне кіретін, сағаттық белдеулер шекарасын өзгерту және басқа мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізу болып табылады.

3. Комиссияның функциялары

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) Қазақстан Республикасының уақыт және жиіліктің бірліктерін айқындау,

қайта қалпына келтіру және сақтау, сондай-ақ радиобайланыс, теледидар және спутниктік жүйе арналары бойынша жиілікті-уақытты ақпаратты қабылдау және беруді метрологиялық қамтамасыз ету жөнінде жұмыстарды орындау және ұйымдастыру мәселелері бойынша ұсыныстарды өзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының уақыт және жиілік мемлекеттік қызметінің құрылымдық бөлімшелерін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар береді;

3) уақыт және жиілікті өлшеу, соның ішінде халықаралық ынтымақтастыққа байланысты саласында бағдарламаларды өзірлеу және орындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) уақыт және жиілікті өлшеу саласындағы қызметке қатысты құжаттардың жобаларын қарайды;

5) уақыт және жиілікті өлшеу саласында эталондық қондырғыларды және басқа техникалық құралдарды сатып алу және дайындаудың қажеттігін қарайды;

6) уақыт және жиілікті өлшеу мәселелері бойынша ресми ақпараттық және анықтамалық басылымдарда жариялауға жататын материалдарды қарайды;

7) республиканың аймағында уақытты есептеудің тәртібін белгілеу және өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

8) уақыт және жиілікті өлшеу саласындағы шетелдік тәжірибелі зерделейді.

4. Комиссияның құқықтары

6. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының мұдделі мемлекеттік басқару органдары мен өзге де заңды тұлғалары үшін хаттамалар түрінде шығарылатын, өз құзыretі шегінде ұсынымдық сипаттағы шешімдер қабылдауға;

2) комиссияның құзыretіне жататын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдер өзірлеуге қатысуға және ұсыныстар енгізуға;

3) оның шешімі талап етілетін мәселелер бойынша тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуға;

4) комиссияның құзыretіне енетін мәселелер бойынша мұдделі мемлекеттік басқару органдары мен басқа заңды тұлғалар үшін ұсынымдар өзірлеуге, мәжілістерде олардың басшыларының есептерін, ақпараттарын, хабарламаларын

тындауға, уақыт және жиілікті өлшеу саласындағы белгіленген метрологиялық талаптарды бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы
ұсыным да р беруге құқылыш.

5. Комиссияның жұмысын үйымдастыру

7. Комиссияның қызметін оның төрағасы басқарады, ол Комиссияның мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылау жасайды және Комиссия қызметінің нәтижелері үшін жауап береді.

8. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады және таратылады. Комиссия мүшелері мәжілістерге ауыстыру құқығынсыз қатысады.

9. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

10. Комиссияның мәжілістері қажет болған жағдайда, бірақ кемінде жылдана екі рет өткізіледі, оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысқан жағдайда.

11. Мәжілістің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша шешім, Комиссия мүшелерінің мәжіліске қатысқандарының көпшілік дауысымен қабылданады. Шешімдерді қабылдау кезінде комиссияның мүшелері тең дауысқа ие. Дауыстар саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Комиссия мәжілісінің күн тәртібінде мәселелерді қарау нәтижелері тиісті хаттамаларға енгізіледі, оларға мәжіліске қатысқан Комиссия мүшелері қол қояды.

13. Аталған хаттамаларға Комиссияның төрағасы, ал ол жоқ болған кезде - Комиссия төрағасының орынбасары қол қояды.

14. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Комиссияның жұмысшы органды болып табылады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК